

"2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Арал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 желтоқсандағы N 248 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 маусымдағы N 27 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 24 шілдеде N 10-3-202 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 06 ақпандағы N 40 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 06.02.2013 N 40 хаты).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Арал аудандық мәслихаты **ШЕШЕМІЗ:**

1. Арал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 15 ақпандағы кезектен тыс екінші сессиясында бекітілген "2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Арал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 желтоқсандағы N 248 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 9 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 10-3-197 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2012 жылғы 04 сәуірдегі N 27 санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а ғ ы :

"1), 2), 3), 4), 5), 6) тармақшалар мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

- 1) кірістер - 6 566 319 мың теңге, оның ішінде;
салықтық түсімдер - 975 107 мың теңге;
салықтық емес түсімдер - 9 305 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 19 700 мың теңге;
трансферттер түсімдері - 5 562 204 мың теңге, оның ішінде субвенция көлемі
- 4 448 823 мың теңге;
- 2) шығындар - 6 673 017 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру - 22 566 мың теңге;
бюджеттік кредиттер - 28 813 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу - 6 247 мың теңге;
қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0;
қаржы активтерін сатып алу - 0;
мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) - -76 548 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 76 548 мың
т е ң г е . "

2. Арал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 қаңтардағы кезектен тыс қырық екінші сессиясында бекітілген "2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Арал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 желтоқсандағы N 248 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 251 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 10-3-195 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2012 жылғы 14 наурыздағы N 21 санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а ғы :

"1), 2), 3), 4), 5), 6) тармақшалар мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

1) кірістер - 6 558 016 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер - 975 107 мың теңге;
салықтық емес түсімдер - 9 305 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер - 11 700 мың теңге;
трансферттер түсімдері - 5 561 904 мың теңге, оның ішінде субвенция көлемі
- 4 448 823 мың теңге;

2) шығындар - 6 558 016 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру - 8 315 мың теңге;

бюджеттік кредиттер - 14 562 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 6 247 мың теңге;

қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0;

қаржы активтерін сатып алу - 0;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -20 809 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 20 809 мың
т е ң г е . "

3. "2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Арал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 желтоқсандағы N 248 шешіміне өзгерістер енгізу туралы аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 26 сәуірдегі кезектен тыс төртінші сессиясының N 24 шешімі жойылсын.

4. Осы шешім 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*А р а л а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң к е з е к т е н т ы с
б е с і н ш і с е с с и я с ы н ы ң т ө р а ғ а с ы ,
аудандық мәслихаттың хатшысы К. Данабай*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК